

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТТЫҢ
ТҮСІНДІРМЕСІ ТАЛҚЫҒА ТҮСТІ



Жаңа Конституцияның күшіне енгеніне санаулы күндер өтті. Көпшіліктің қолдауына ие болған бас құжаттан халықтың күтер жанашылдығы көп. Әсіресе, 1 шілдеден бастап Конституциялық Сот, Жоғарғы Сот, Бас прокуратура секілді бірқатар лауазымды қызметтің тізгінін кімдердің ұстайтыны жұртшылықты ерекше алаңдатқан еді. Осы жағдайға орай Конституциялық Сот жаңа нормаларды қолданудың тәртібін түсіндірді.

(Жалғасы 2-бетте)

ДАБЫЛ!

Ақмола облысында еңбек жолын енді ғана бастаған жас дәрігерлер өздеріне уәде етілген көтермеақының әлі күнге дейін төленбегенін айтып ащы жанайқайын жеткізді. Олар әлеуметтік желі арқылы жариялаған үндеуде бұл жағдайдың өңірдегі кадр тапшылығын одан әрі ұшықтыруы мүмкін екенін алға тартып отыр. Ал облыстық Денсаулық сақтау басқармасы төлемдердің кезең-кезеңімен жүргізілетінін және мәселенің жеке бақылауға алынғанын айтады.

ЖАС ДӘРІГЕРЛЕР
КӨТЕРМЕАҚЫСЫН КҮТІП ЖҮР



Жас дәрігерлердің үндеуі Threads әлеуметтік желісінде жарияланды. Онда көптеген маманның жұмысқа орналасқанына бір жылдан асса да, заңда көзделген көтермеақыны алмағаны айтылған.

– Біз, Ақмола облысының жас мамандары, жанайқайымыздың естілгенін қалаймыз. Бүгінгі күнге дейін көпшілігімізге тиесілі көтермеақы төленген жоқ. Арамызда бір жылдан астам уақыт еңбек етіп жүргенімен, уәде етілген қаржылай қолдауды әлі алмаған дәрігерлер де бар. Бұған дейін барлық төлем 2026 жылдың маусым айының соңына дейін жүргізіледі деп айтылған еді. Қазір кешігудің себебі ретінде қаржыландырудың жоқтығы көрсетіліп отыр, – делінген үндеуде.

Медицина қызметкерлерінің айтуынша, олар халыққа қызмет көрсету үшін өңірлерге арнайы барған. Көпшілігі басқа қалалардан қоныс аударып, тұрғын үй жалдау, көшу және тұрмысын реттеу үшін жеке қаражатын жұмсаған.

– Көтермеақы – жас мамандарды қолдаудың маңызды тетігі. Оның ұзақ уақыт төленбеуі бізге елеулі қаржылық қиындық туғызды. Басқа облыстардағы әріптестеріміз жұмысқа тұрғаннан кейін екі-үш ай ішінде бұл төлемді алған. Ал біз әлі күтіп жүрміз, – дейді жас дәрігерлер.

Алты ай күттім, кейін
жұмыстан кетуге мәжбүр
болдым

Жарияланым соңына пікір қалдырған медицина қызметкерлері де осыған ұқсас жағдайға тап болғандарын жазған. Олардың бірі өзін тапшы мамандық иесі екенін айтып, Ақмола облысында өткен жылдың қыркүйегінен бастап еңбек еткенін, алайда алты ай бойы көтермеақы ала алмағандықтан, қызметінен кетуге мәжбүр болғанын жеткізді.

Тағы бір дәрігер ауылдық жерге мемлекет ұсынған қолдау шарасына сеніп барғанын, алайда жарты жылдан бері жалдамалы пәтерде өз қаражатына тұрып жатқанын айтып, төлемнің нақты қашан жүргізілетініне ресми жауап беруді сұрады.

Әлеуметтік желіде жарияланған пікірлерде кейбір мамандар өтініштерін бірнеше рет қайта жазуға мәжбүр болғанын, ал уәде етілген төлем мерзімінің арты сиыркүйымшақтанып кетіп, одан кейін де бірнеше мәрте кейінге шегерілгенін алға тартқан.

(Жалғасы 3-бетте)

БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТТІҢ
ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫН КЕҢЕЙТУ
МАҢЫЗДЫ

Ақмола облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының Атирағасы Бауыржан Әлжанов Өңірлік коммуникациялар қызметінің Медиа-орталығында баспасөз конференциясын өткізді. Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен өткен кездесу әкімшілік әділеттің 5 жылдығына арналды.



2021 жылдың 1 шілдесінен бастап Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қолданысқа енгізіліп, мамандандырылған әкімшілік соттар өз қызметін бастады. Б.Әлжанов әкімшілік әділеттің құрылу тарихы, оның максаттары мен міндеттері, ӨРПК-нің негізгі қағидаттары, әкімшілік соттың қызметі, сондай-ақ қоғамдағы жанжал деңгейін төмендетуге, мемлекеттік органдарға деген сенімді арттыруға, дауларды жедел шешуге және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға мүмкіндік берген татулас-

тыру рәсімдерінің жүзеге асырылуы туралы баяндады. Спикер статистикалық мәліметтерге де тоқталды.

Әкімшілік соттар құрылған күннен бастап 5300-ден астам талап қою қаралған. Олардың басым бөлігі сот орындаушыларының әрекеттеріне қатысты (30%), жер даулары (20%), тұрғын үй, салық даулары және мемлекеттік сатып алу саласындағы даулар (10). Талап қоюларды қанағаттандыру көрсеткіші 50%-дан асады.

(Жалғасы 2-бетте)

4-БЕТ

Қазақ әдебиеті –
Қазақ сотының
қазығы

6-БЕТ

Сұлтан ОРАЗАЕВ, Геральдикалық зерттеулер
орталығының Зерттеу және сараптама бөлімінің басшысы:
«Жаңа ережелер
рәміздерді пайдалану
мәдениетін жаңа
деңгейге көтереді»

8-БЕТ

Алакөлге кел,
ағайын!

БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТТІҢ
ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫН
КЕҢЕЙТУ МАҢЫЗДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Даулардың 10%-дан астамы татуластыру рәсімдері арқылы шешілді. Сонымен қатар талап қоюлардың 30%-дан астамы мемлекеттік органдар сот шешімі шыққанға дейін заң бұзушылықтарды өздері жойғандықтан, талап қоюшылар тарапынан кері қайтарылған. Заңдылықтың анықталған бұзушылықтары бойынша сот 324 жекеше ұйғарым шығарды.

Заң бұзушылықтардың ең көбі жер және тұрғын үй заңнамасы саласында жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ сот орындаушылары-

ның қызметінде анықталған.

Сот өз қызметі кезеңінде ақшалай өндіріп алу түріндегі 164 процестік мәжбүрлеу шарасын қолданды. Ақшалай өндіріп алудың басым бөлігі түрлі деңгейдегі әкімдерге, әкімдіктердің бөлімдері мен басқармаларының басшыларына, сондай-ақ сот орындаушыларына салынған.

Б.Өлжанов әкімшілік әділетті жетілдіру және оның қолданылу аясын кеңейту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы да айтты. Атап айтқанда, әкімшілік құқық қолдану тәжірибесін бірыңғай ету, мемлекеттік органдарда мықты заң қыз-

меттерін қалыптастыру және мемлекеттік органдардың қызметін бағалау жүйесін енгізу мәселелеріне тоқталды.

Әкімшілік әділеттің қолданылу аясын кеңейту мақсатында жария-құқықтық қатынастардан туындайтын жекелеген әкімшілік құқық бұзушылық құрамдарын Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстен (ӘҚБтК) Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске (ӘРПК), сондай-ақ кейбір азаматтық-құқықтық дауларды (мысалы, мемлекеттік қызметшілердің, құқық қорғау және арнаулы органдар қызметкерлерінің еңбек дауларын) беру мәселесі қарастырылып жатыр.

Баспасөз конференциясы барысында спикер журналистердің сұрақтарына жауап берді.

Ақмола облыстық сотының баспасөз қызметі

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТТЫҢ
ТҮСІНДІРМЕСІ ТАЛҚЫҒА ТҮСТІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сонымен, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты ел Президентінің сұрауына орай жаңа Конституциядағы 43-баптың 1-тармағының, 72-баптың 2 және 3-тармақтарының, 83-баптың 1-тармағының және 84-баптың 3-тармағының ережелерін төмендегідей түсіндіріп отыр:

Яғни, лауазымын 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес атқарып келе жатқан адамдар 2026 жылғы жаңа Конституцияның 43-бабы 1-тармағында, 72-бабы 2 және 3-тармақтарында, 83-бабы 1-тармағында, 84-бабы 3-тармағында көрсетілген қызметке сайланып не тағайындала алады.

Конституциялық Сот 1995 жылғы негізгі заң қолданыста болған кезеңде тиісті лауазымдарда болу мерзімдерін, сондай-ақ қызметке сайлау не лауазымға тағайындау фактілерін есепке алуды көздейтін ережелерді қолданыстағы Конституция қамтымайтынын көрсетті. Осыдан көріп тұрғанымыздай, адамның, нақтырақ айтқанда жоғары баптарда көрсетіл-

ген лауазымды тұлғалар Президент, Конституциялық Сот төрағасы, Жоғарғы Сот төрағасы, Бас прокурор қызметінің бірін 1995 жылғы Конституция қолданыста болған кезеңде атқару фактісі Қазақстан Республикасының Конституциясы 2026 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енгеннен кейін оны тиісті қызметке сайлауға не лауазымға тағайындауға негізгі заңда көзделген конституциялық-құқықтық кедергі болып табылмайды. Сәйкесінше, жоғарыдағы биік лауазымды қызметті атқарып жүрген адамдар 2026 жылғы Конституция күшіне енгеннен кейін тиісті қызметке сайлануы не лауазымға тағайындалуы мүмкін.

Бұл осы лауазымдарды атқарған адамдардың 2026 жылғы Конституция күшіне енгеннен кейін тиісті қызметке сайлануы не лауазымға тағайындалуы алғаш рет сайлану не тағайындалу деп есептелетінін нақтылайды. Мұның бәрі Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2026 жылғы 7 шілдедегі №89 нормативтік қаулысында бекітілген.

Т.ИБАШЕВА,
«Заң газеті»

ПАЙЫМ

Ұлттық құрылтай – мемлекет пен қоғам арасындағы өзара іс-қимылды нығайтуға, ел дамуының басым бағыттарын айқындауға және маңызды реформаларды жүзеге асыруға ықпал ететін маңызды қоғамдық институт. Құрылтай отырыстарында көтерілетін негізгі мәселелердің бірі – заң үстемдігін қамтамасыз ету және әділетті қоғам құру.

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДАН
КҮТЕРІМІЗ КӨП

Жаңа Конституция – бұл елдің саяси-құқықтық дамуының жаңа кезеңге аяқ басқанының айқын көрінісі. Конституция елдегі барлық заңдар мен нормативтік құқықтың негізін құрайды. Соның ішінде заң үстемдігі – құқықтық мемлекеттің басты қағидаттарының бірі және әділетті қоғам құрудың негізгі шарты болып саналады. Бұл қағидат азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, заңның баршаға бірдей қолданылуын және сот төрелігінің тәуелсіз әрі әділ жүзеге асырылуын көздейді. Осы бағытта сот жүйесіне жүктелетін жауапкершілік ерекше.

Қазіргі таңда сот жүйесін жандандыру, сот төрелігінің ашықтығы мен қолжетімділігін арттыру, азаматтардың сотқа деген сенімін нығайту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Бұл шаралар азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді қорғауға, сот төрелігінің сапасын арттыруға және қоғамда заңға деген құрметті қалыптастыруға бағытталған.

Әділетті Қазақстанды құру – барша қоғамның ортақ мақсаты. Бұл мақсатқа қол жеткізуде тәуелсіз және әділ сот төрелігінің маңызы өте зор. Заңды құрметтеу және оның талаптарын сақтау –



З.ОТЕГЕНОВА,
Бейнеу аудандық соты әкімшісінің басшысы

әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі әрі елдің жарқын болашағына қосқан маңызды үлесі екенін ұмытпайық.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

МІНБЕР

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС
ЖҮРГІЗУДЕ
АДАМ ҚҰҚЫҒЫ
ҚАЛАЙ ҚОРҒАЛАДЫ?

Қылмыстық процестің басты мақсаты – қылмыстық құқық бұзушылықтарды әділ тергеп-тексеру, кінәлі адамдарды заңға сәйкес жауаптылыққа тарту ғана емес, сонымен қатар әрбір адамның құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің негізгі қағидаттары адамның қадір-қасиетін құрметтеуге, заңдылықты сақтауға, сот арқылы қорғалуға және әділ сот төрелігін жүзеге асыруға бағытталған.



А.ДОСНИЯЗОВА,
Алматы облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісінің басшысы

Конституцияның 13-бабына сәйкес әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар. Сонымен қатар, әрбір адам білікті заң көмегін алуға құқылы. Бұл қағидалар қылмыстық іс жүргізу барысында күдіктіге, айыпталушыға, жәбірленушіге және процестің өзге де қатысушыларына бірдей қолданылады.

Қылмыстық процестегі маңызды кепілдіктердің бірі – кінәсіздік презумпциясы. Конституцияның 77-бабына сәйкес адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен ғана белгіленеді. Ешкім өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес, ал барлық күмән айыпталушының пайдасына шешіледі.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінде адамның жеке басына қол сұғылмаушылық, тұрғын үйге қол сұқпаушылық, жеке өмірдің құпиялылығы, ар-намыс пен қадір-қасиетті қорғау сияқты конституциялық құқықтарды сақтау жөніндегі кепілдіктер көзделген. Тергеу әрекеттері мен процестік мәжбүрлеу шаралары тек заңда белгіленген тәртіппен және негіздер болған жағдайда ғана қолданылады.

Қылмыстық процестегі жариялылық пен ашықтық қағидаттарының да маңызы зор. Сот отырыстары, заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, ашық өткізіледі. Бұл сот қызметінің ашықтығын қамтамасыз етіп, қоғамның сот төрелігіне деген сенімін арттыруға ықпал етеді.

Әрбір адамның қорғаушының көмегіне жүгіну құқығы заңмен кепілдендірілген. Ұсталған немесе күдікті деп танылған адамға өз құқықтары түсіндіріліп, қорғаушымен кездесуге мүмкіндік берілуі тиіс. Бұл – әділ сот талқылауын қамтамасыз етудің маңызды шарттарының бірі.

Жәбірленушілердің құқықтарын қорғау да қылмыстық процестің негізгі міндеттерінің қатарына жатады. Олар өздерінің бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге, келтірілген залалды өтеуді талап етуге және іс бойынша қабылданған процестік шешімдерге шағым жасауға құқылы.

Сот жүйесін жетілдіру бағытында жүргізіліп жатқан реформалар азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерін одан әрі нығайтуға бағытталған. Цифрлық технологияларды енгізу, сот процестерінің ашықтығын қамтамасыз ету, электрондық сервистерді дамыту сот төрелігінің қолжетімділігі мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау – құқық қорғау органдарының ғана емес, сот жүйесінің де басты міндеті. Заң үстемдігін қамтамасыз ету, әрбір істі әділ және бейтарап қарау қоғамдағы құқықтық тәртіптің нығаюына және азаматтардың сотқа деген сенімінің артуына негіз болады.

ПӘРМЕН

ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТЫҚПЕН КҮРЕС
ТЕК ПОЛИЦИЯНЫҢ ЖҰМЫСЫ ЕМЕС

XXI ғасырдың іңдетіне айналып бара жатқан интернет-алаяқтықпен күрес бүкіл әлемде өзекті мәселе болып отыр.



Қазір елімізде интернет-алаяқтарға көмектескен, яғни қаражаттарды есеп-шоттардан шешіп берген немесе біреулерге өз есеп-шоттарын пайдалануға берген азаматтардың жауаптылығы күшейтілуде. Бұл бағытта 2025 жылдың 16 қыркүйегінен бастап Қылмыстық кодекске жаңа 232-1-бабы енгізілді. Бұл жерде банктік шотқа, төлем құралына немесе сәйкестендіру құралына қолжетімділікті заңсыз ұсыну, беру және алу, сондай-ақ төлемдерді және ақша аударымдарын заңсыз жүзеге асыру бойынша жауапкершілік қарастырылған. Іс-әрекеттің ауырлығына, сипатына және алынған пайда мөлшеріне қарай 232-1-бап мүлікті тәркілей отырып 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасын қарастырады.

Жамабыл облыстық полиция департаментінің Киберқылмысқа қарсы іс-қи-

мыл басқармасының бастығы Валихан Ағыбаев тұрғындарды өз есепшоттарын өзге азаматтарға қолдануға мүлдем бермеуге және бөтеннің сұрауы бойынша есеп шоттардан қаражат шешпеуге шақырып отыр. Оның сөзіне қарағанда полиция қызметкерлері арнайы дайындаған сақтық шаралары туралы дыбыстық жазбалар қоғамдық орындарда, сауда орталықтарында, супермаркеттерде, қоғамдық көліктерде, базарларда және қызметтік көліктердің дауыс зорайтқыштары арқылы айтылуда. Сонымен қатар, Instagram әлеуметтік желісінде Полиция департаментінің ресми cyberpol.zhambyl парақшасы арқылы интернет-алаяқтық қылмыстарының алдын алу бағытында жүйелі профилактикалық жұмыстар жүргізілуде.

«Облыс прокуратурасы интернет-

алаяқтықты жасау тәсілдерін ескеріп, онымен күресуге оң әсерін тигізе алатын «CyberShekteuTaraz» телеграмм-ботын әзірледі.

Қазіргі таңда аталған бот арқылы 500-ден аса мәлімет түсіп (интернеттегі қатерлі сілтемелер, алаяқтардың ұялы телефон нөмірлері, әлеуметтік желілер мен маркетплейстарда жалған жарнамалар), оларды бұғаттау шаралары жүргізілуде. Ұлттық банк «Антифрод-орталығының» мүмкіншілігін күнделікті тәжірибеде қолдануда. Бұл орталыққа күмән тудыратын 2751 банктік есепшот енгізіліп, оның 2020-сы бұғатталып, қалғаны қаралып жатыр. Сондай-ақ телефонды қолданып жасалатын алаяқтық қылмыстарының да өршіп тұрғандығын ескеріп, сол бағытта жүргізілген жедел іздестіру іс-шараларының нәтижесі бойынша «сим-карталарды» белсенді тіркеумен айналысатын 13 тұлға анықталды», – дейді Валихан Самбетұлы.

Оның сөзіне қарағанда, 18 маусымға дейінгі мәлімет бойынша өңірде интернет алаяқтық дерегінің тіркелуі өткен жылмен салыстырғанда 332-ден 311-ге, ауыр санаттағы интернет алаяқтық дерегі 154-тен 104-ке төмендеді. Ал интернет алаяқтықтың жалпы ашылуы 49,8% (2025ж.–56,7%) ауыр санаты бойынша 71,4% (2025ж.– 56,7%) құрады.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ҚҰРЫЛТАЙ 23 тамыз



ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Құрылтай депутаттары бес жыл мерзімге сайланады.

Құрылтайдың құрамына Сайлау туралы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партиялық тізімдер бойынша сайланатын 145 депутат кіреді.

Сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі.

Жиырма бес жасқа толған және елдің аумағында соңғы он жыл бойы тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматы депутат бола алады.

Партиялық тізімде әйелдердің, жастардың және мүгедектігі бар адамдардың жиынтық үлесі оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде 30 пайызын құрауға тиіс.

Партиялық тізімде адамдарды орналастыру тәртібін саяси партиялар дербес айқындайды.

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы



РУХ

Мемлекет басшысының Жарлығымен шілденің алғашқы жексенбісі – Ұлттық домбыра күні деп жарияланғаны белгілі. Биыл Домбыра күніне орай Қазақстанда екі мыңнан астам мәдени іс-шара ұйымдастырылды. Мұндай шаралар шетелдегі Қазақстан елшіліктерінде де өз жалғасын тапты. Мәселен, Бельгиядағы Елшілікте «DOMBRAssdors» ансамблінің концерті өтті.

Ұлттық музыкалық аспапты ұлықтауға арналған мәдени шаралардан әлемнің түрлі елдерінде жүрген қазақ диаспорасы да сырт қалмады. Мысалы, «Отандастар қоры» мен «Арқайым» тобы «Домбыра DNA» халықаралық музыкалық челленджін ұйымдастырды. Оған АҚШ, Жапония, Бельгия, Франция, Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, Испания, Португалия, Чехия, Хорватия, Аустрия, Нидерланд, Швеция, Словакия, Мажарстан, Грекия, Малайзия, Чили, Түркия, Әзербайжан, Ресей, Өзбекстан және Монғолия сияқты әлемнің 20-дан астам елінде тұратын отандастарымыз бен шетелдік азаматтар белсенді қатысты.

Шетелдік қатысушылар арасынан алғашқы болып «Отандастар қоры» домбыра үйірмесінің шәкірті, португалиялық Joseph Ribeiro үн қосты. Оның бұл қадамын әлемге әйгілі Димаш Күдайбергеннің шетелдік жанкүйерлері, түркиялық музыканттар, бельгиялық Лукас пен чилилік Мария, жапондық Акира, Такахаша, Аска және Хитоми жалғастырды.

Нью-Йорктегі «QazaqAmerican-Qaganat», Малайзиядағы «Qazaq Community», Кореядағы «Qazaq Nomad» орталықтары мен Испания, Ресей, Өзбекстан, Нидерландыдағы қазақ диаспоралары бастаманың басты қозғаушы күшіне айналды. Шетелдегі отандастарымыз бен қазақ мәдениеті-

не қызығушылық танытатын өзге ұлт өкілдері домбырамен күй тартып, ән

шырқап ұлттық аспабымызды жаһандық деңгейде насихаттады.

Домбыра – қазақтың қос ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Ол жергілікті жер жағдайына, тұрмыс-салты мен дәстүріне, ән, жыр, күй мектебі мен әр өнерпаздың орындаушылық мәнеріне, аспапты жасаған шеберге бай-

ланысты түрлі пішінде дамытылып, өзгеріп отырған. Ән, жыр айтуға арналған домбыралар 8-9, әрі кеткенде 14-15 пернеге жетсе, күй домбырасына 20-дан астам перне тағылады. Олардың құлақ бұрауы да қажетіне қарай өзгертіледі. Домбыра негізінен екі және үш ішекті болып келеді. Домбыра тар-

тудың сермеп ойнау, іліп қағу, шертіп ойнау сияқты түрлі қағысы бар. 1934 жылы Халық аспаптар оркестрінің құрылуына байланысты домбыраның прима, альт, тенор, бас, контрабас сияқты түрлері пайда болды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»



ДАБЫЛ!

ЖАС ДӘРІГЕРЛЕР КӨТЕРМЕАҚЫСЫН КҮТІП ЖҮР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондай-ақ жас мамандардың бірқатары көтермеақы төленбейінше еңбек өтілі есептелмейтіні туралы жаңа шарттарға қатысты алаңдаушылық білдірген.

Кейбір дәрігерлер өңірдегі кадр тапшылығының артуына дәл осы жағдай себеп болып отырғанын айтып, жас мамандардың басқа облыстарға кетіп жатқанын жазған. Пікірлерде облыстық балалар ауруханасынан бірқатар маманның жұмыстан кеткені туралы да ақпарат тарайды.

**Басқарма басшысы:
«Ешкім төлемсіз қалмайды»**

Жас мамандардың үндеуіне Ақмола облыстық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Нариман Ермек ресми түрде жауап берді. Оның айтуынша, дәрігерлердің көтермеақы мәселесі түсінікті әрі маңызды.



– Дәрігер өңірге көшіп келді, жұмысқа орналасты, тұрғын үйге және тұрмысын реттеуге шығын шығарды. Сондықтан төлем мерзіміне қатысты белгісіздік болмауы тиіс. Бірақ мүлдем төлем жасалмай жатыр деу әділетсіз болады. Біз көтермеақыны төлеп жатырмыз және бұл бұрынғы жылдар-

мен салыстырғанда әлдеқайда жоғары деңгейде жүзеге асырылуда, – дейді басқарма басшысы.

Ол қазіргі уақытта көтермеақысын әлі алмаған барлық жас маманның бірыңғай тізілімі жасалып жатқанын атап өтті. Онда әрбір медицина ұйымы, жұмысқа қабылданған күні, маман-

дығы, төлемнің қандай кезеңде тұрғаны және кешігу себептері көрсетілмек.

– Егер кешігу ұйымдастырудағы қателіктерден немесе құжаттардың негізсіз созылуынан болса, себептері жойылып, жауапты тұлғалардың әрекетіне тиісті баға беріледі. Жас дәрігерлер Ақмола облысына қажет. Біздің міндет – оларды жоғалтып алмау, – деп толықтырды Нариман Ермек.

Сонымен қатар басқарма басшысы көтермеақы алмаған барлық маманнан аты-жөні, жұмыс орны, еңбекке орналаسقан күні, мамандығы және байланыс нөмірін басқармаға немесе өзінің жеке парақшасы арқылы жолдауды сұрады. Оның айтуынша, әрбір өтініш бірнеше жұмыс күні ішінде жеке қаралып, төлемнің қай кезеңде тұрғаны жөнінде нақты жауап беріледі. Нариман Ермек мәселенің қазынашылық органдарындағы рәсімдерге де байланысты болуы мүмкін екенін айтып, жағдайды жеке бақылауына алғанын мәлімдеді.

**112 өтініш түсін 57
дәрігердің төлемі
мақұлданған**

Ақмола облыстық Денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі 2026 жылғы 29 мамырда 2025 жылы мемлекеттік медицина ұйымдарына жұмысқа тұруға келген қызметкерлердің өтініштерін қарайтын комиссия отырысы өткенін хабарлады. Комиссия қаруына барлығы 112 өтініш түскен.

Ведомствоның мәліметінше, 2026 жылға арналған облыстық бюджетте ауылдық жерге келген дәрігерлер мен тапшы мамандық иелеріне біржолғы әлеуметтік қолдау көрсету үшін 491,5 миллион теңге қарастырылған. Соған сәйкес комиссия алдымен осы санаттағы мамандардың өтініштерін қараған.

Нәтижесінде 57 дәрігердің, оның ішінде екі тапшы мамандық иесінің өтініші мақұлданып, жалпы 484,5 миллион теңге көлемінде көтермеақы төлеу туралы шешім қабылданған.

Қазіргі уақытта Денсаулық сақтау басқармасы бюджет қаражатын қайта бөлуді сұрап өтінім жолдаған. Қаржы бөлінгеннен кейін комиссия мақұлдаған төлемдер жүзеге асырылады. Ал қалған 57 өтініш, оның ішінде 32 қаладағы және 25 ауылдық жердегі медицина қызметкерінің құжаттары қажетті қаржы бөлінгеннен кейін қаралатыны хабарланды.

Айта кетейік, ресми деректер бойынша Ақмола облысында дәрігер тапшылығы әлі күнге өзекті. Осыған байланысты өңірде жас мамандарды тарту үшін көтермеақы мен басқа да әлеуметтік қолдау тетіктері қарастырылған. Алайда төлемдердің кешігуіне қатысты мәселе биыл алғаш рет ашық түрде медицина қызметкерлерінің өздері тарапынан көтеріліп отыр.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
Ақмола облысы

САРАП

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ – ҚАЗАҚ СОТЫНЫҢ ҚАЗЫҒЫ

Адамзатта кітап атауының шығу тегіне үңілген оқымысты жұрт қол жазудың есім-сойын тікелей жаратушымен байланыстырады. Яғни, кітап – Құдай қолы. Қол – Құдай мөрі.

Тіл ғылымының бір білгірі Н.Я. Марр өзінің «Расселение языков и народов и вопрос о прародине турецких языков» атты еңбегінде түрік тілі мамандары «бір», «рет» деген мағынаға ие «уол» сөзін «жол» деген мағына беретін «уол» сөзімен фонетикалық үндестігіне қарап бір сөз ретінде қабылдап сөздіктерде бір ұяға орналастыруын кате деп санайды. Маррдың таңдамалы еңбегінің төртінші томының 119-бетінде келтірілген пікіре түріктің «бір», «рет» деген мағыналы «уол» сөзі «қол» ұғымынан шыққан. Марр осы томның 183,185-бетіндегі «Карфаген и Рим, FAS и JUS» атты макаласында ежелгі римдік жаратушы және сот, әділдік ұғымындағы «Fas» және «jus» терминдерін де «қол» сөзінің семантикалық туындысы санайды.

Тіл маманының төресі Маррдың ғылыми пікірін «қыргызча-орусча сөздүктің» 804-бетінде келтірілген Қырғыз халқының тігінші шеберлері пайдаланатын мына бір қанатты сөзі растайды: «Менин колум емес, Умай энемдин колу». Яғни, шеберлік – Құдайдан.

Қазақ зерттеушісі Есенәлі Керімбаевтың «Атаулар сыры» еңбегінің 30-бетінде келтірген қырғыз бауырларымыздың «Жалқауға табалдырық та арт болар» деген макалын біз Абайдың әдістемелік нұсқау ретінде қабылдарлық «Талап кыл артық білуге, Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге» сөзін түсіндіруге қолданар едік.

Абайдағы «Артық» ұғымы екі елде де бір «өсіп, өнген» мағынада қабылданатыны рас, ал «артық» сөзіндегі түбір «арт» қырғызда «асу» мағынасын білдіреді. Абай өлеңінде «жалқауланбасаң ісің өнеді, пайдалы ғылымға қол жеткізесің, арт асуды аттап өтсең» деген мақсатқа үндеу бар. Біз де Абай үндеуіне үн қосып, қазақтың дала эстетикасының Мұзарт биігі Мұхтар Әуезовтің қырғыз бауырларымыздың еліндегі Ыстық көлге, академик жазушының Шолпан Атадағы кітапхана-музей үйіне аттандық. Оған қозғаушы күш, себеп болған – «Кочевники. Эстетика» кітабының 12-бетінде Мұрат Әуезовтің 2024 жылдың сәуірінің сәулелі күндерінің бірінде қызы Зифа-Алуға айтқан естелік сөзі:

Академик Салық Зиманов – Алаш ұранды азамат! Не деген тектілік! Мұрат Әуезов өлім сағаты тақағанда сабырлық сақтап, сын сағатта бәрімізге үлгі боларлық іс қалдырыпты. Ұмытпапты! Өзі тән дертінен қиналып жатса да, үлкен ұстаз Салық Зимановтың қилы кезең сәтте «Жас тұлпарлық» еркін ойлы ғалымдарының ізденісін қолдап айтқан ағалық ақыл сөзін, көңіл көмегін ұмытпапты. Мұрат Әуезовтің аға ұстаздың жақсы ісін ұмытпай, кейінгі жастарға Алаш ұранды ғылымға адал болуды аманат етіп тапсырғанын оның «Кочевники. Эстетика» еңбегін қайта шығарып, ондаған жылдар өтсе де «донести до верного адресата» деген сөзінен аңғарамыз. Оның «верный



адресат» деп алған нысаналы субъектісін Абайдың сөз мәдениетіне сүйене отырып «тыңдаушы» деп алар едік. Біздің ойымызша бұл жерде Мұрат Әуезовтің іздеп отырғаны «түзу түсінгісі келетін тыңдаушы» дер едік.

Ормандай оқырмандардың да ортасында саналы түрде түсінгісі келмейтіні баршылық. Оған дәлел ретінде жаңағы ғалым Салық Зимановтың «Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі» атты еңбегінің 78-бетіндегі сөзін келтірейік: «Біз және өзге де зерттеушілер кезінде А.И.Левшинді де, Ш.Уәлихановты да түсінбедік, нақтырақ айтсақ түсінгіміз келмеді, әрі сезімімізді мойындамадық. Біздің тарихи санамыз ол кезеңдерде негізсіз танылған ойлардың шырмауынан шыға алмады. XX ғасырда өмір сүре отырып, көшпелі қазақтардың заңдылық пен құқықтық тәртіп жағдайында күй кеше алу мүмкіндігін жоққа шығардық». Академик С. Зиманов еңбегінде «Біз және өзге де зерттеушілер» деп үлкен ғалым советтік социалистік мемлекеттегі ғылыми ортаны айтып отырғаны белгілі. Сол сияқты Мұрат Әуезовтің де қазіргі уақытта қазақтың далалық эстетикасы туралы сөзін дұрыс қабыл алар, түсінгісі келер, түзу жолмен өрістерлік ғылыми ортаны іздеп, өз ойының соларға жетуін қалап отыр.

Мұраттың әкесі Мұхтар Әуезовтің 1930 жылдары басталған «Манас» дастанының айтушылары және тыңдаушы орта» деген ғылыми зерттеу атауының өзі жазушының тыңдаушы ортаға ерекше көңіл бөлгенін аңдатады. Біз түзу тыңдаушылардың қатарына бірінші кезекте Шоқан Уәлихановты қосар едік.

TÜRKSOY халықаралық ұйымының бастамасымен Шолпан Ата қаласындағы жазушы Мұхтар Әуезовтің кітапхана-музей үйінде оның ұлы Мұратқа арналған бюст-ескерткіштің ресми ашылуында «Абай жолы» роман-эпопеясы авторының есімімен бірге Шоқан мен Манастың аты ұмытылмай, аталып жатты. «Манас» поэмасын

қырғыз жыршысынан тыңдаған Шоқан «Ыстық көл сапары» күнделігінде өзінің түзу тыңдаушы екенін дәлел-

дейтін жазба қалдырыпты: «26-го же числа был у меня певец, дикокаменный киргиз (ырчи). Он знает поэму Манас. Язык поэмы гораздо понятливее разговорного».

Сегіз қырлы, бір сырлы Шоқан «Манас» поэмасын қырғыз жыршысының айтуында тыңдап отырып поэма тілінің қазақ тыңдаушысына ауызша сөзден гөрі жақын, түсінікті екендігін аңдап, эпостың тіл тазалығына мән берген. Шоқанның шығармашылық мұрасында «Манас» эпосының қазақ пен қырғыз халқының ортақ дүниесі екен-

1920 жылдың ақпан айының 6-шы күні Тубревкомның заң бөлімінің сот-тергеу бөлімшесі Әуезовтер ұсынған қазақ соттарының штатымен келіспеушілігін білдірген хатына жауапты Мұхтардың өзі берінті. (Қ-72 т.1 іс.114. 66.3-17)

М.Әуезов қазақ соттары штатын қысқартуға болмайтындығының объективті себептерін нақты фактілермен дәлелдей келе: «Қазақ соттарының штаттық кестесін жасағанда 1917 жылдан қырдағы заңсыздық, қасақана кісі өлтіру, зорлық-зомбылықтың үстемдік құруын, әлемдік және азаматтық соғыстың салдарынан халықтың құқықтық, ар-ұят сезімінің аса құлдырауын есте ұстадық» деген екен.

дігін дәлелдер «Предания и легенды Большой Орды» жазбасы бар.

Шоқан жазбасындағы Төбей атауы Үйсін шежіресінде ғана емес, сонымен қатар Манас эпосында да бар. Манастың әкесі Жақып өзінің ата-тегін Төбей ханнан тарата бастайды. Манастағы «Төбей» – болу, жоқтан бар болу, өсіп-өну, жаратылыс, жаратушы. Қазіргі қазақтың Төбе би деп жүргені осы арғы текті атамыз Төбей – Төбе басы би.

Шоқанның бала кезінде әкесі Шыңғысқа көмектесіп жазып алынған «Едіге» жырында келесідей жолдар бар: «Төбеге шыққан төртеуге, Төре берер күн тугай ма?» деген. Жырдың бұл

жолы заң және сот алдында жұрттың бәрі тең деген норманың күнделікті тіршілікте іске аспай жатқанын меңзейді.

Төбеге шығу – шынның шыңы сотқа жүгіну. Төбе – ерте, ерте, ертеде ел-жұрттың сот ісін атқаратын орны, жарғы жартасы, төбе басы. Төбе басы – жан-жақтан, кез келген нүктеден көруге және де ол арыннан әлемнің төрт құбыласын көруге болатын биіктіктің, тау, төбенің ең жоғарғы нүктесі, ұшар басы. Римдегі жеті төбенің бірі Капитолий төбесінің ең биік ұшар

құрылды. Жаһандық Жалғызтауда өзіне жүктелген жауапкершілік жолымен жүріп өткен алғашқы халықтық сот институтының үкімдері тежемелік һәм тепе-теңдік қағидасымен қызмет қылу қағидасын енгізіп, мемлекеттік биліктің біртұтастығын бекітті.

Бала Абай да Қарауылдағы Жалғыз төбе басында атасы Өскенбай, әкесі Құнанбай билердің өткізген ашық сот процесіндегі әділет ісінің білім, ғылымын тыңдап өсіп, Қарамола съезінде Төбе басы би болып қатысқан. Төбе басы бидің биікке шығып заң мен тәртіп ережесін жариялайтын орнының көне, ежелгі «Қазық Ұрт» деген биіктік пен тереңдікті білдіретін атауы бар.

Әз Тәуке ханның Күл төбесі, Манастың Боз төбесі, Исландияның «Заң жартасы» аталатын төбесіне жұрттың жиналатын мерзімі бір екен. Исландия Альтингісінің жиыны маусым айының 18 мен 24 күні аралығында көк майса кең жайлауда, табиғат аясында өтіп екі аптаға созылыпты. Бізге туыс, бауырлас Якут-Саха халқының «Ысыах» мейрамы да маусымның 21-26 күндері өтсе, біз 24 маусым күнінде судья және сот қызметкері күнін атап өтетін болдық.

1921 жылдың маусым айының 18-күні Смағұл Сәдуақасов басқарған Семей губерниялық революциялық комитетінің жарлығымен мемлекеттік істі дұрыс жолға қою мақсатында Қарқаралы уезіне Мұхтар Әуезов жолға шығады. Мемлекеттің қай институтында болсын ең бастысы істі ұйымдастыра білетін білімді, білікті мамандарды тауып өз орындарына қоя білу. Әуезовтің мемлекеттік істі ұйымдастыра білетіні оның 1920 жылдың басында Семей губерниясындағы сот жүйесін құру ісіне тікелей қатысуы.

Мұхтар Әуезов – қазақтың сот жүйесін ұйымдастырушы. Азаматтық соғыстың салдарынан Семейдегі ревком 1919–1921 жылдары Омбыдағы Сібір ревкомына бағынышты болатын. 1920 жылдың қаңтар айының екінші күнінде Омбыдан сот жүйесін құру туралы жарлық түсуіне байланысты Семейдің облревкомында казактардың қатысуымен алкалы кеңес өткен. Кеңестің күн тәртібіне қазақ сотын құру мәселесі қойылғандықтан, Әуезов басқаратын бөлім қазақ халқының өкілдерін арнайы шақырып кеңес құрған.

1920 жылдың ақпан айының 6-шы күні Губревкомның заң бөлімінің соттергеу бөлімшесі Әуезовтер ұсынған қазақ соттарының штатымен келіспеушілігін білдірген хатына жауапты Мұхтардың өзі берінті. (Қ-72 т.1 іс.114. 66.3-17)

М.Әуезов қазақ соттары штатын қысқартуға болмайтындығының объективті себептерін нақты фактілермен дәлелдей келе: «Қазақ соттарының штаттық кестесін жасағанда 1917 жылдан қырдағы заңсыздық, қасақана кісі өлтіру, зорлық-зомбылықтың үстемдік құруын, әлемдік және азаматтық соғыстың салдарынан халықтың құқықтық, ар-ұят сезімінің аса құлдырауын есте ұстадық» деген екен.

Сонымен, жас жазушы Мұхтар Әуезовтің әсем де әділ әдеби әлемінің қалыптасуы соттан басталған. 1959 жылғы сөзінде Әуезов Абайға қатысты тарихи деректерді заң ғылымының ережелерін қолдана отырып тексергенін қадап айтқан.

Қазақ әдебиеті – Қазақ сотының қазығы!

Марат АЗБАНБАЕВ,
ҚР Судьялар одағының
құрметті мүшесі

КЕСЕЛ

ҚЫЛМЫСҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ТОҚТАМАЙДЫ

Зорлық-зомбылық – адам құқықтары мен бостандықтарын өрескел бұзатын, қоғамның тұрақтылығы мен отбасы құндылықтарына қауіп төндіретін өзекті мәселе. Ол тек дене күшін қолданумен ғана шектелмейді. Психологиялық қысым көрсету, қорқыту, экономикалық тәуелділікке мәжбүрлеу, ар-намысты қорлау және жыныстық сипаттағы әрекеттер де зорлық-зомбылық түріне жатады.

Отбасы – қоғамның негізгі тірегі. Сондықтан әрбір отбасы өзара сыйластыққа, түсіністікке және жауапкершілікке негізделуі тиіс. Өкінішке қарай, тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері әлі де кездеседі. Мұндай жағдайлар жәбірленушінің денсаулығына ғана емес, балалардың психологиялық дамуына да кері әсерін тигізеді. Зорлық көрген ортада өскен бала болашақта өзі де осындай мі-

нез-құлықты қалыпты жағдай ретінде қабылдауы мүмкін.

Мемлекет азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша кешенді жұмыс жүргізуде. Құқық қорғау органдары, соттар, әлеуметтік қызметтер, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдары бірлесе отырып, жәбірленушілерге құқықтық және психологиялық көмек көрсетеді. Сонымен

қатар, халық арасында құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде ұйымдастырылуда.

Әрбір азамат зорлық-зомбылықтың кез келген түріне бей-жай қарамауы қажет. Егер өзіңіз немесе жақындарыңыз осындай жағдайға тап болса, құқық қорғау органдарына немесе тиісті әлеуметтік қызметтерге жүгіну маңызды. Уақытылы көрсетілген көмек адам өмірі мен денсаулығын сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Қылмыстың алдын алу – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Әрбір азамат заңды құрметтеп, өзара сыйластық пен адамгершілік қағидаларын ұстанғанда ғана қауіпсіз әрі берекелі қоғам қалыптастыра аламыз.

А.АЛИМАНОВА,
Қаракия аудандық сотының
бас маманы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

КИЕ

ТАЛАП БОЛСА ТІЛ ДАМИДЫ

Тіл – әр халықтың ең басты байлығы мен рухани қазынасы. Тіл арқылы ұлттың тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі ұрпақтан-ұрпаққа жетеді. Қазақ тілі – мемлекетіміздің тұғырлы тірегі, мызғымастығымыздың бірден бір көпірі.

Қазіргі таңда мемлекеттік тілді дамытуға үлкен көңіл бөлініп жатыр. Қазақ тілін оқыту сапасы жақсарып, түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда. Бұл жастардың ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыруға ықпал етеді. Осыған орай, өз арамызда мемекеттік тілді қолдау және оның қолданыс аясын кеңейту мақсатында аудандық және оларға теңестірілген соттар арасында «Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» байқауын жыл сайын өткізу үрдіске айналды.

Қазақ тілі курстары, тіл үйрену онлайн платформалары мен мобильді қосымшалардың пайдасы тілді меңгеру мүмкіндігін кеңейтуде. Заманауи цифрлық ортаның арқасында қазақ тілін оқып үйреніп жүрген қаншама өзге ұлт өкілі бар. Ал сол азаматтардың әлеуметтік желілер арқылы тілді меңгеріп жатқанын дүйім жұртқа жария көрсетуі өзгелерді де ынталандырудың таптырмас тәсілі.

Сонымен қатар, басқа тілдерді білу де маңызды. Дегенмен, қандай тілді меңгерсек те, өз ана тілімізді бірінші орынға қоюымыз керек. Өйткені тілін жоғалтқан халық өзінің ұлттық болмысынан да айырылуы мүмкін.

А.МЕДЕЕВА,
Жетісу облысы қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық сотының
бас маманы-сот отырысының хатшысы

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

Шерзод ПУЛАТОВ,

Астана қаласы өзбек этномәдени орталығының төрағасы:

«ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМНІҢ НЕГІЗГІ ТІРЕГІ – АТА ЗАҢ»

– Елімізде жүзден аса ұлттар мен ұлыстар өмір сүріп жатса да, кейбір елдердегідей алауыздық жоқтығы қуантады. Сіздіңше мұның сыры неде?

– Бүгінгі Қазақстандағы ұлтаралық келісімнің негізгі тірегі – Қазақстан Республикасының Конституциясы. Өйткені Конституцияның Кіріспесінде біз өзімізді «біртұтас Қазақстан халқы» ретінде айқындаймыз. Бұл – еліміздегі барлық азаматтардың этностық шығу тегіне қарамастан ортақ тағдыр, ортақ жауапкершілік және ортақ болашақ төңірегінде бірігетінін білдіретін басты конституциялық қағида. Сонымен қатар Конституцияның 14-бабында: «Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» деп нақты бекітілген. Бұл норма Қазақстандағы тең құқықтылықтың, өзара құрметтің және қоғамдық келісімнің берік құқықтық негізін қалыптастырады. Сондықтан еліміздегі ұлтаралық келісімнің басты тірегі – барлық азаматтың заң алдындағы теңдігі, ортақ азаматтық бірегейлігі және Конституцияда бекітілген «біртұтас Қазақстан халқы» қағидаты. Осы құндылықтар Қазақстанның қоғамдық тұрақтылығы мен бірлігінің берік іргетасы болып табылады.

– Жаһандану мен әлеуметтік желілер этносаралық қатынасқа қалай әсер етіп жатыр?

– Жаһандану мен цифрлық технологиялар этносаралық қатынастарға екіжақты әсер етеді. Бір жағынан, олар әртүрлі этностардың мәдениетімен, дәстүрімен және тілімен жақынырақ танысуға кең мүмкіндік береді, өзара құрметті, тәжірибе алмасуды және халықаралық байланыстарды нығайтуға ықпал етеді. Екінші жағынан, әлеуметтік желілер жалған ақпарат, арандатушылық сипаттағы контент және жасанды түрде туындатылатын қатығыстар өте жылдам таралатын кеңістікке айналды. Кез келген

Этносаралық келісімді сақтау тек мемлекеттік саясатқа ғана емес, азаматтардың ақпараттық сауаттылығына, цифрлық кеңістіктегі жауапты мінез-құлық мәдениетіне және дер кезінде жүргізілетін қоғамдық диалогқа да тікелей байланысты. Қазіргі жағдайда қоғамдық келісім тек нақты өмірде ғана емес, ақпараттық ортада да қалыптасады. Сол себепті сенімді, өзара құрметті және ортақ азаматтық бірегейлікті нығайту ерекше маңызды.

жергілікті оқиға қоғамдық пікірді бұрмалау және шиеленісті күшейту құралы ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Сондықтан бүгінгі таңда этносаралық келісімді сақтау тек мемлекеттік саясатқа ғана емес, азамат-



тардың ақпараттық сауаттылығына, цифрлық кеңістіктегі жауапты мінез-құлық мәдениетіне және дер кезінде жүргізетін қоғамдық диалогқа да тікелей байланысты. Қазіргі жағдайда қоғамдық келісім тек нақты өмірде ғана емес, ақпараттық

ортада да қалыптасады. Сол себепті сенімді, өзара құрметті және ортақ азаматтық бірегейлікті нығайту ерекше маңызды.

– **Жастардың азаматтық бірегейлігін қалай нығайтуға болады?**

– Жастар арасындағы азаматтық бірегейлік ең алдымен білім, қоғамдық белсенділік және әділ мүмкіндіктер арқылы қалыптасады. Жастар өзін мемлекетпен байланысты сезінуі үшін олардың бастамалары қолдау тауып, қоғамдық кеңестерге, еріктілікке, жастар ұйымдарына және пікірталас алаңдарына кеңінен тартылуы қажет. Азаматтық бірегейлік ұранмен емес, әділеттілік сезімімен, заңның бәріне бірдей қолданылуымен және елдің дамуына жеке үлес қоса алатынына деген сеніммен нығаяды.

– **Қандай жаңа сын-қатерлер бар?**

– Қазіргі негізгі сын-қатерлер – ақпараттық манипуляциялар, сыртқы идеологиялық ықпал, радикалды көзқарастардың интернет арқылы таралуы, әлеуметтік теңсіздік, сондай-ақ қоғамды тілдік, өнірлік немесе этностық белгілер бойынша бөлшектеуге бағытталған әрекеттер. Бұған қоса, жасанды интеллект арқылы жасалатын жалған ақпараттың көбеюі де қоғамдық сенімге әсер ететін маңызды факторға айналып келеді.

– **Бұл келеңсіздіктердің алдын алу үшін алдағы уақытта қандай бағытқа басымдық берілуі тиіс?**

– Алдағы кезеңде басты басымдық – қоғамдық диалог институттарын күшейту, азаматтық қоғамның әлеуетін арттыру және алдын алу мәдениетін қалыптастыруға негізделуі тиіс. Кез келген келіспеушілікті жанжалға жеткізбей, келіссөз, медиация және өзара құрмет арқылы шешу мәдениетін дамыту маңызды. Сонымен қатар жастар саясаты, ақпараттық қауіпсіздік, құқықтық мәдениет және азаматтық жауапкершілікті нығайту – Қазақстандағы қоғамдық келісімнің ұзақ мерзімді кепілі болады.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ

90 жылдық тарихы бар Алматы облысының Райымбек ауданында бұрын бірде-бір құс шаруашылығы болмаған еді. Табиғаты қатал таулы өлке тұрғындары тек қосалқы үй шаруашылығында өсірілген тауық еті мен жұмыртқасын қанағат тұтып келген-ді. Ештен кеш жақсы дегендей, былтыр Тегістік ауылындағы алғашқы аудандық шағын өндірістік аймақта «ДИАС» кооперативі Эко-Чикен құс еті мен тауық жұмыртқасын өндіретін өндіріс орнын ашқан болатын.

ОБЛЫСТЫҚ НАРЫҚТЫ БАҒЫНДЫРАР КҮН ЖАҚЫН



Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, биыл сәуір айында Алматы облысында өндірілген 46 862,7 мың дана жұмыртқаның 30,7 мыңы осы ауданда өндірілген. Ал 4 айдағы өндірістің жалпы көлемі мұнда 173,9 мың дананы құрап отыр. Былтырғы сәйкес кезеңде ол 53,6 мыңды ғана құраған болатын.

«Бұл Райымбек ауданындағы тауық еті мен жұмыртқасын өндіретін жалғыз өндіріс орны. Мұнда күніне 2000–2500 жұмыртқа өндіріледі. Қазір өңірдегі дүкендерден жұмыртқаға деген сұраныс өте жоғары. Оларда күн сайын ең кемінде 500 жұмыртқа сатылуда. Бұдан тауық еті де өндіріледі. Ет бағытында өсірілетін балапан 45 күннен кейін союға жарамды болады», – дейді Тегістік ауылдық округінің әкімі Қайнар Әбдіқасымов.

Оның айтуынша, бұл фермада ақылды жүйе қойылған. Онда өсірілетін тауықтардың жұмыртқа өндіруіне жыл мезгіліндегі өзгерістердің ешқандай әсері жоқ. Сондықтан өнімділік тұрақты. Тауықтар тек жылына 1 ай ғана жұмыртқа бермейді. Қазіргі таңда тауық еті мен жұмыртқасын тек Райымбек ауданына ғана емес, көршілес Кеген ауданына да саудалап келе жатқан кәсіпорын алдағы уақытта өндірісті кеңейтіп, Алматы облысының нарығына шығуды алдына мақсат етіп қойып отыр.

Осыған орай жақында Алматы қаласына барып, тағы екі тауық қорасын салуға келісімшартқа отырып келген. Олардың әрқайсысы 3 мың басқа арналған. Яғни, қазіргі таңда 1,5 мыңнан екі қорада 3 мың бас тауық өсіріп отырған өндіріс орнының қуаты енді бірден екі есе ұлғаятын болады.

«ДИАС» кооперативі бұған дейін бұл өндіріс орнын ашу үшін «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 5 жылға 2,5 пайыздық өсіммен 27 млн теңге несиелен алған болатын. Кәсіпкерлер оны 1,5 жылда қайтарамыз деп жоспарлауда. Олар қазіргі таңда Райымбек ауданындағы 7,5 гектар алқапта орналасқан алғашқы шағын өнеркәсіптік аймақтағы өз қызметін сәтті жүзеге асырып отырған бірден бір ірі кәсіпкерлік нысаны саналады.

Жалпы, «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша Райымбек ауданында 2023–2024 жылдары 2,5 пайызбен 91 адам 521 млн теңгенің несиесін алған болатын. Былтыр 26 адам 240 млн теңге алған. Бұлардың қатары биыл да толықтуда.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ОҢ ҚАДАМ

ЧЕМПИОНДАР АУЫЛЫ

Алматы облысының Райымбек ауданындағы Қайнар ауылы чемпиондарымен әйгілі елді мекен. Бұл жерден спорттың бір емес, бірнеше түрінен есімі Қазақстан мен Орталық Азиядан бастап, бүкіл әлемге танымал спортшылар көп шыққан. Бүгінде олардың есімін тек жерлестері ғана мақтан тұтып қоймай, республиканың түкпір-түкпірінде оларды өздеріне үлгі тұтатын жастардың үлкен бір толқыны қалыптасқан.

Мәселен, Ақниет Жанәбіл қазақ күресінен ел чемпионы болса, белбеу күресінен Әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанған спортшы. Қауіпті жаттығулардан 8 дүркін Әлем чемпионы атанған, Гиннес кітабының кейіпкері Айдын Нұржұманның да жанкүйерлері барлық жерде жеткілікті. Қазақ күресінен, дзюдодан Қазақстан Республикасы мен Азия чемпионы Айдыс Балажігітов және қазақ күресі мен дзюдодан Қазақстан Республикасының жеңімпазы Медет Жазықбаевқа еліктейтіндер аз емес.

Осы арада жеңіл атлетикадан ел қоржынына түрлі деңгейдегі байрақты бөсекелерде олжа салып жүрген желаяқ Ақбаян Нұрмәметті де ерекше атап өтуге болады. Ол Қазақстан Республикасының бірнеше дүркін, Орталық Азия чемпионатының екі дүркін чемпионы. 2022 жылы Францияның Нор-

мандия қаласында өткен Дүниежүзілік гимназияның, 2023 жылы Астанада өткен ересектер арасындағы жабық кешендегі Х Азия чемпионатының қола жүлдегері. А.Нұрмәмет 2023 жылы Кореяның Йечон қаласында болған, 20 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатында екі рет күміс жүлде олжалап, 2023 жылғы Қазақстан Республикасының VI Жазғы спартакиадасында I алтын, I күміс медаль еншілеген. Сондай-ақ 2024 жылы Иранның Тегеран қаласында өткен ересектер арасындағы жабық кешендегі XI Азия чемпионатында да қола жүлде олжалаған спортшы.

«Екі жарым мыңнан астам тұрғыны болса да Қайнар ауылында бұрын спорт кешені болмаған еді. Облыстағы ең шалғайда жатқан елді мекен халқын тұрақтандыру үшін мұндай нысанның қажеттігін 2023 жылы аудан, облыс

КӨКЕЙКЕСТІ

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СУСЫН ЖАСТАРДЫ ЖАЛМАП БАРАДЫ

Соңғы жылдары энергетикалық сусындарға сұраныс айтарлықтай артты. Әсіресе, студенттер, кеңсе қызметкерлері, жүргізушілер мен түнгі ауысымда жұмыс істейтін адамдар сергектік сыйлайды деген үмітпен бұл сусындарды жиі тұтынады. Алайда мамандар қысқа мерзімді сергектік ұзақ мерзімді денсаулық мәселелеріне әкелуі мүмкін екенін ескертеді.

Энергетикалық сусындардың негізгі құрамында кофеин, таурин, кант және түрлі стимуляторлар болады. Олар орталық жүйке жүйесін уақытша белсенді етіп, адамның өзін сергек сезінуіне ықпал етеді. Бірақ бұл әсер қысқа уақытқа ғана созылады. Кейін ағзада әлсіздік, шаршау, мазасыздық пайда болуы мүмкін.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, кофеинді шамадан тыс пайдалану жүрек қағысының жиілеуіне, қан қысымының көтерілуіне, ұйқының бұзылуына және жүйке жүйесінің қажуына себеп бо-

луы ықтимал. Әсіресе, жасөспірімдер мен жүрек-қан тамырлары аурулары бар адамдар үшін мұндай сусындардың қаупі жоғары.

Мамандардың айтуынша, энергетикалық сусындарды алкогольмен бірге пайдалану да аса қауіпті. Себебі адам

өзін сергек сезінгенімен, алкогольдің ағзаға әсері сақталады. Бұл жағдай жолкөлік оқиғаларының, түрлі жарاقاتтардың және улану қаупінің артуына әсер етуі мүмкін.

Дария БАТТАЛОВА

САРАПШЫ ПІКІРІ

Кардиолог дәрігер Айгүл Қасымованың айтуынша, энергетикалық сусындарды тұрақты тұтыну жүрекке қосымша салмақ түсіреді.

– Энергетикалық сусындар жүрек соғу жиілігін арттырып, қан қысымын көтеруге мүмкін. Егер адам оларды күнделікті ішетін болса немесе бірнеше құтыны қатарынан пайдаланса, жүрек ырғағының бұзылуы мен қан тамырларына түсетін жүктеме күшейеді. Әсіресе, жасөспірімдер мен жүкті әйелдерге мұндай өнімдерді тұтынбауға кеңес береміз, – дейді маман.

Дәрігердің сөзінше, ағзаны сергітудің ең тиімді жолы – жеткілікті ұйқы, дұрыс тамақтану, таза ауада серуендеу және тұрақты дене белсенділігі. Қазақстанда да энергетикалық сусындарды тұтынуда қатысты талаптар кезең-кезеңімен күшейтіліп келеді. Бұл халық денсаулығын қорғауға бағытталған маңызды қадамдардың бірі. Мамандар энергетикалық сусындарды шаршаудың шешімі ретінде емес, сирек қолданылатын өнім ретінде қарастыруға кеңес береді. Себебі бір сәттік сергектік денсаулыққа ұзақ мерзімді қауіп төндіруі мүмкін.

СҰХБАТ

Үкімет қаулысымен Мемлекеттік Туды қолдану тәртібі өзгерді. Біз осыған орай жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауын қалыптастыру, мемлекеттік рәміздер мен геральдикалық белгілерді қолдану және насихаттау бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу функцияларын жүзеге асыру үшін 2021 жылдың наурыз айында құрылған «Геральдикалық зерттеулер орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің Зерттеу және сараптама бөлімінің басшысы Оразаев Сұлтан Берікұлымен сұхбаттасқан едік.

Сұлтан ОРАЗАЕВ,
Геральдикалық зерттеулер орталығының Зерттеу және сараптама бөлімінің басшысы:

«ЖАҢА ЕРЕЖЕЛЕР РӘМІЗДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ МӘДЕНИЕТІН ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРЕДІ»

– Мемлекеттік туды қолдану тәртібінде қандай өзгеріс бар? Енді нені ескеру керек?

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 26 маусымдағы № 556 қаулысымен енгізілген өзгерістер қоғамдық сұраныс пен заңнамалық талаптарды үндестірген маңызды қадам болып табылады. Енгізілген толықтырулар азаматтардың патриоттық белсенділігін құқықтық тұрғыдан заңдастырып, Мемлекеттік Туды күнделікті өмірде қолдануға кең жол ашты. Сонымен қатар, құжат мемлекеттік рәміздерді орналастырудың қатаң визуалды иерархиясының реттілігін, түс гаммасын және эстетикалық талаптарды бекіту арқылы геральдикалық тәртіпті ретке келтірді.

Орталық бұл реформаны мемлекеттік атрибутиканың қадір-қасиетін қорғау мен оны халықтың мақтаныш құралына айналдыру арасындағы оңайлы теңгерім деп бағалайды және жаңа ережелер рәміздерді пайдалану мәдениетін жаңа сапалық деңгейге көтеруге негіз болады деп есептейді.

– Мемлекеттік туды қолдануда бұрынғы кеңестік республикалардың тәжірибесінде қандай ұқсастықтар бар?

– Бұрынғы кеңестік республикалардың қолданыстағы заңнамалық базасына бірқатар концептуалды ұқсастықтар мен айқын құқықтық айырмашылықтар бар. Мемлекеттік туды қолданудағы бұрынғы кеңестік республикалар тәжірибесіндегі негізгі ұқсастықтар мемлекеттік атрибутиканың қадір-қасиетін қорғау мен оның нышандық тұтастығын сақтаудың бірыңғай халықаралық вексиллологиялық стандарттарынан көрініс табады.



Орталық Азия елдерінің, мейлі Балтық жағалауы мемлекеттерінің заңдары болсын, мемлекеттік нышанды әдейі жыртуға, өртеуге, умаждауға, лақтауға, жерге немесе су бетіне тигізуге, сондай-ақ қоқысқа тастауға абсолютті түрде тыйым салынады және бұл әрекеттер үшін әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Сонымен қатар, бұл елдердің тәжірибесінде туды жеке бизнесті жарнамалау мақсатында, жеке тауар

немесе зақымдалған туларды ілуге ешбір посткенестік елде рұқсат жоқ.

– Ал қандай айырмашылықтар бар?

– Бұрынғы кеңестік республикалардың тәжірибесіндегідай басты айырмашылық құқықтық реттеу сипатына байланысты елдерді екі топқа бөлуге болады. Бірінші топқа жататын Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Ресей Федерациясының тәжірибесінде азаматтардың патриоттық белсенділігін еркін көрсетуіне басымдық берілген. Мысалы, Өзбекстан мен Ресейдің

заңнамалық актілері азаматтарға, егер олардың әрекетінде қорлау белгілері болмаса, туды жеке тұрғын үйлерінде, аулаларында, жұмыс орындарында, автокөлік ішінде және кез келген бұқаралық, спорттық шараларда ешқандай арнайы рұқсатсыз, еркін пайдалану құқығын береді. Қазақстанның жаңа ережелері де осы үрдісті ұстана отырып, азаматтардың туды балкондар мен үйлерге өз бастамасымен ілуін және оны спорттық экипировкаларда қолдануын заңды түрде бекіткен.

Керісінше, Балтық жағалауы елдеріне тән қатаң регламенттелген еуропалық модельде мемлекеттік туды ілу тек құқық қана емес, сонымен

сағат сегізден күн батқанға дейін деп нақтыланып, әскери-мемлекеттік протоколдар өте ұсақ детальдарына дейін реттелген. Беларусь Республикасында да мемлекеттік органдар мен ресми шараларда туды орналастырудың тәртібі кеңестік классикалық иерархияға негізделген және идеологиялық бақылау деңгейі өте жоғары.

– Бұдан қандай қорытынды шығарылды?

– Біздің мемлекет азаматтарды туды ілуге заңмен мәжбүрлейтін Балтық елдерінің үлгісінен бас тартты. Өзбекстан немесе Ресей заңдарында туды ілудің сыртқы эстетикасы және тұлғаның еркіне қалдырылса, Қазақстан

Латвия мен Эстонияда арнайы «Ту ілу күндері» бекітілгенін айта кету керек. Соған сәйкес мемлекеттік мерекелерде, Туәуелсіздік күнінде немесе ұлттық қаралы даталарда меншік нысанына қарамастан барлық ғимараттар мен жеке тұрғын үйлердің иелері туды міндетті түрде ілуі шарт, ал бұл талапты орындамау әкімшілік айыппұлға әкеп соғады. Эстония заңында ту түнде ілуі тұрса, оған міндетті түрде арнайы жарық түсіп тұруы керектігі қатаң жазылса, Украинаның құқықтық актілерінде туды көтеру мен түсірудің уақыттық регламенті таңғы сағат сегізден күн батқанға дейін деп нақтыланып, әскери-мемлекеттік протоколдар өте ұсақ детальдарына дейін реттелген.

бірге азаматтар мен заңды тұлғаларға заңмен жүктелетін айрықша міндет болып табылатыны үлкен айырмашылықты көрсетеді. Латвия мен Эстония тәжірибесінің басты ерекшелігі ретінде арнайы «Ту ілу күндері» бекітілгенін айта кету керек. Соған сәйкес мемлекеттік мерекелерде, Туәуелсіздік күнінде немесе ұлттық қаралы даталарда меншік нысанына қарамастан барлық ғимараттар мен жеке тұрғын үйлердің иелері туды міндетті түрде ілуі шарт, ал бұл талапты орындамау әкімшілік айыппұлға әкеп соғады. Эстония заңында ту түнде ілуі тұрса, оған міндетті түрде арнайы жарық түсіп тұруы керектігі қатаң жазылса, Украинаның құқықтық актілерінде туды көтеру мен түсірудің уақыттық регламенті таңғы

заңында балконға ілу бұрышы қырық бес градус болуы, биіктік деңгейі үш метрден кем болмауы және ұлттық орнаменттің вертикаль бағытта жоғары орналасуы сияқты нақты геометриялық және визуалды нормалар шегелеп көрсетілген. Бұл тәжірибе еуропалық құқықтық нақтылық пен азаматтық еркіндіктің оңайлы синтезі болып табылады және мемлекеттік рәміздерді насихаттау мен оның геральдикалық тазалығын қадағалау бағытында Геральдикалық зерттеулер орталығы үшін бірыңғай, тиімді әрі жүйелі әдістемелік құрал қызметін атқарады.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

БИДЕ ҚЫРЫҚ КІСІНІҢ АРЫ МЕН ИМАНЫ БАР

«Ханда қырық кісінің ақылы болса, Биде қырық кісінің ары мен иманы бар» демекші, таразысы тура тартқан қазылардың ел ішінде беделі биік. Бүгінде мерейлі 70 жасқа толып отырған доғарыстағы судья Мұрат Жақыпбеков сондай ортасына сыйлы жанның бірі.

Сот жүйесі – мемлекеттің басты тірегі, заң үстемдігінің кепілі. Ал осы саланың дамуына, заңдылық пен құқықтық тәртіптің орнығуына өмірлік күш-жігерін сарп еткен тұлғаларды ұлықтау – ұрпақ парызы. Бүгінде абыройлы доғарыста жүрген, саналы ғұмырын заң саласына арнаған Мұрат Сүлейменұлы Жақыпбековтің есімі елге кеңінен танымал.

Данышпан Сократ: «Барлық мамандықтар адамдардан, тек үшеуі ғана Құдайдан – дәрігер, мұғалім және сот» деген екен. Бұл сөздің астарында үлкен жауапкершілік жатыр. Себебі адам тағдыры таразыға түсетін сәтте әділдіктен аттамай, заң мен ар-ұждан алдында таза болу – тек нағыз майталман мамандардың ғана қолынан келетін іс. Мұрат Сүлейменұлы сот саласындағы ширек ғасырдан астам қызметінде дәл осындай биік талаптарға сай болып, «судья» деген қасиетті атты нық ұстап өтті.

Мұрат Сүлейменұлы 1956 жылы Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында дүниеге келген. Жастайынан білімге, әділеттілікке құштар болған ол заңгер мамандығын жүрек қалауымен таңдап, 1978 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түседі. 1983 жылы аталған іргелі оқу орнын сәтті бітіріп, өзінің

алғашқы еңбек жолын прокуратура саласынан бастайды.

1983–1992 жылдар аралығында Жезқазған облысы Приозерск ауданы прокурорының көмекшісі, ал 1992–1993 жылдары осы аудан прокурорының бас көмекшісі лауазымдарын абыроймен атқарады. Прокуратура қабырғасында шындалған заңгерлік біліктілік пен бай тәжірибе оның келесі үлкен белесіне – судьялық қызметке жол ашады.

1993 жылы Мұрат Сүлейменұлы өмірлік мақсатына айналған сот саласына түбегейлі бет бұрып, Приозерск аудандық сотының судьясы болып тағайындалады. Ал 1994 жылы Қарағанды облысы Балқаш қалалық сотының судьясы қызметіне ауысып, осы лауазымды үздіксіз 26 жылдан астам уақыт бойы мінсіз атқарады. Ол қызметті мансап емес, халықтың аманаты деп білді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 231 Жарлығымен абыройлы доғарысқа – еңбек демалысына шықты.

Мұрат Сүлейменұлы қызмет атқарған жылдарында даулы мәселелердің түйінін әділ шеше білуімен, сот әдебі кодексінің бұлжытпай сақтауымен және кәсіби шеберлігімен ерекшеленді. Оның сот жүйесін дамытуға қосқан елеулі үлесі



мен жемісті еңбегі мемлекет және сот қоғамдастығы тарапынан жоғары бағаланды. Оның дәлелі ретінде мынадай марапаттарын мақтанышпен атап өтуге болады: 2012 жылы Жоғарғы Сот төрағасының Құрмет грамотасымен, 2013 жылы Қарағанды облыстық соты төрағасының Алғыс хатымен, 2019 жылы Судьялар одағының Құрмет грамотасымен, 2019 жылы Жоғарғы Соттың III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалімен, 2022 жылы «Қазақстан Республикасының сот жүйесіне

30 жыл» медалімен, 2022 жылы «Судьялар одағының құрметті мүшесі» төсбелгісімен марапатталып, 2024 жылы «Үш би» құрмет белгісін иеленді.

Ұлы Абай айтқандай, өмірден көрген-түйгені мол Мұрат Сүлейменұлы жастарға ақыл-кеңес айтудан, білгенін үйретуден ешқашан жалыққан емес. Шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстаз қызмет барысында өзінің бай тәжірибесін жас судьялармен бөлісіп, әрқашан көмек беруге, жол сілтеуге дайын тұратын. Көптеген жас мамандарды тәрбиелеп, олардың сот саласына сара жол салып, білікті маман болып қалыптасуына тікелей ықпал етті. Ол тәрбиелеген шәкірттер бүгінде еліміздің әр аймағында әділдік туын жоғары ұстап, ұстаз сенімін ақтап келеді.

Қызметтен тыс өмірде Мұрат ағамыз – отбасының берік тірегі, үлгілі отағасы, аяулы әке және немерелеріне өнегелі ата. Өмірлік жары екеуі ел сыйлайтын ұл-қыз тәрбиелеп өсірді. Мерейтой иесінің кең жүрегі, кішіпейілділігі мен парасаттылығы әріптестері мен замандастары арасында үлкен құрметке ие.

Ардагер судья, парасатты ағамыз Мұрат Сүлейменұлы Жақыпбековті ақсаралы 70 жасқа толған мерейлі мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Мағыналы да мәнді ғұмыр, мықты денсаулық, отбасына бақ-береке, қуаныштар тілейміз. Саңлақ судьяның сот саласындағы салған сара жолы – өскелең ұрпаққа әрқашан өнеге болып қала бермек!

А.ЖАНДИЛЬДИНА,
Қарағанды облысы
Балқаш қалалық соты
төрағасының міндетін атқарушы

ТАРАТУ

3. «Вертикаль-Fortuna» ЖШС (БСН 050240003604) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, ШҚО, Риддер қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 5-үй, 49-пәтер.

4. «K7 Construction» ЖШС (БСН 190140013795) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Атырау облысы, Атырау қаласы, Нұрсая шағынауданы, Елорда даңғылы, 6/3-үй, блок 3, т.е.б. 2.

5. «Riza Capital» ЖШС (БСН 060240018446) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Луганский көшесі, 5-үй, т.е.б. 72.

6. «Boundary (Боундари)» ЖШС (БСН 220840013095) тарату рәсімінің басталғаны туралы хабарлайды. Кредиторлар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде өз талаптарын мына мекенжай бойынша қоя алады: ҚР, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, 070003, Астана көшесі, 48-ғимарат. Тел. 8 705 833 79 17, e-mail: b_08.08.2022@mail.ru.

7. «KaiyrEr services» ЖШС (БСН 210340031330) (Атырау облысы, Атырау қаласы, Ойыл көшесі, 3-үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау облысы, Атырау қаласы, Жұлдыз-2 шағынауданы, Ұрысхан, 31. Тел. 8 778 589 83 20.

15. «Teget Солюшн» ЖШС (БСН 240340003698) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 50-бабына сәйкес өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде жазбаша түрде қабылданады. Талаптарды жолдау мекенжайы: 010000, ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, әл-Фараби даңғылы, 34/2-үй, 230-пәтер, тел. 8 775 065 92 31.

22. «Бауыржан-Бақытжан Сарсен» ЖШС (БСН 250440040737) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Даулет ауылдық округі, Даулет ауылы, 14-орам, 7-үй. Тел. 8 706 614 76 74.

24. «Nomad Fighting Championship» ЖШС (БСН 211140020360) (Алматы қаласы, Новои көшесі, 37-үй, 51-кеңсе) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Бальзак көшесі, 17. Тел. +7 778 371 1018.

25. «Салфиков и К» ЖШС (БСН 150240005304) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе қаласы, Есет батыр көшесі, 107/2, 4-кабинет, тел. 87786256613.

26. «ГранДК Сервис» ЖШС (БСН 171140029542) өзінің таратылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау облысы, Исатай ауданы, Ақкыстау ауылдық округі, Өркен ауылы, Жалтыр көшесі, 15-үй. Тел. 8702776977.

31. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Федоров ауданы білім бөлімінің Курск бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 021140001453) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Федоров ауданы, Федоровка ауылы, Набережная көшесі, 65.

32. «Созак телеарнасы» ЖШС (БСН 240140011710) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Созак ауданы, Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған ауылы, Маншүк Маметова көшесі, 1-үй, индексі 161000.

БАНКРОТТЫҚ

19. Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026 жыл 3 шілдедегі ұйғарымымен, Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал қаласы, Бақтыбай батыр, 31А үй мекенжайында орналасқан «Қамыш Орда» ЖШС-не қатысты (БСН 200240018506) банкроттық туралы азаматтық іс қозғалды. ҚР «Оңалту және банкроттық туралы» заңының 90-бабына сәйкес, хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде кредиторлар талаптары мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда қаласы, Байсеитова көшесі, 104/3, тел. 8 705 960 34 00.

ӘРТҮРЛІ

2. Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026 жылғы 26 маусымдағы ұйғарымымен «Комбиснаб» акционерлік қоғамын (БСН 010540000237) оңалту туралы іс бойынша іс жүргізу қозғалды. Мүдделі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына жүгінуге құқылы.

16. «Эгида Алматы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 231040029592) жарғылық капиталын 3 000 000 (үш миллион) теңгеге азайтылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Бродский көшесі, 37А. Тел. 8 771 244 56 43.

8. «Smart Energy ST» ЖШС (БСН 110440019423) өзіне «Градострой Мастер» ЖШС-ін (БСН 100740002775) қосу түрінде қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағым-талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Қарағанды қаласы, Орбита-1 шағынауданы, 17/2-үй, 94-пәтер. Тел. +7 701 747 77 63.

9. «Градострой Мастер» ЖШС (БСН 100740002775) өзінің «Smart Energy ST» ЖШС-не (БСН 110440019423) қосылу түрінде қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағым-талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Қарағанды қаласы, Орбита-1 шағынауданы, 17/2-үй, 94-пәтер. Тел. +7 701 747 77 63.

10. Жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурс өткізу туралы хабарландыру

1. Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы **2026 жылғы 10 тамыз күні сағат 11.00-де** Петропавл қаласы, Интернационал көшесі, 61-үй, 304-кабинет мекенжайы бойынша жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурс (бұдан әрі – Конкурс) өткізу туралы хабарлайды.

Конкурсқа қойылған лоттар туралы толық ақпаратты мына мекенжай бойынша Петропавл қаласы, Интернационал көшесі, 61-үй, 308-кабинет немесе тел. (87152) 33-11-17, 33-86-95 арқылы, сондай-ақ Басқарманың ресми сайтынан **dptiad.sko.gov.kz** алуға болады.

2. Конкурсқа меншік нысаына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңнама негіздерде автокөлік құралдарын иеленуші кез келген жеке және заңды тұлғалар қатыса алады.

3. Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді Петропавл қаласы, Интернационал көшесі, 61-үй, 308-кабинет мекенжайы бойынша ұсынуы тиіс.

4. Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2026 жылғы 24 шілде сағат 18.00-ге дейін.

5. 2026 жылғы 14 шілде күні сағат 11.00-де № 304 кабинетте конкурстық комиссия конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конференцияны «Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасына» енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, өткізеді.

6. Анықтама алу үшін телефондар: 8(7152) 33-11-17, 33-86-95. электрондық мекенжай: **uptiad@sgo.gov.kz**

11. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық қан орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнындағы байқау кеңесінің мүшелерін іріктеу жөніндегі конкурстың шарттары, өткізу күні мен орны

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық қан орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнындағы байқау кеңесінің мүшелерін іріктеу бойынша конкурс (бұдан әрі – конкурс) жариялайды.

Конкурсты өткізу орыны: Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8, Министрліктер үйі, 5-кіреберіс.

Кәсіпорынның орналасқан жері: 050060, Алматы қаласы, Өтепов көшесі, 1.

Кәсіпорынның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы: донорлықты дамыту, қан мен оның компоненттерін дайындау, қан компоненттері мен препараттарын өндіру және сақтау, донорлық пен трансплантология саласында зерттеулер жүргізу, зертханалық зерттеулер үшін пайдаланылатын құралдарды шығару жұмыстарын ұйымдастыру болып табылады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары білімі, сондай-ақ мына талаптардың біріне сәйкес келуі тиіс:

1) денсаулық сақтау немесе ұйымның бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

2) денсаулық сақтау немесе ұйымның бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл тәжірибесінің болуы;

3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктеріндегі мүшелігі.

Мынадай:

1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;

2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;

3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адам байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайланбайды.

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін түрде);

2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;

3) өмірбаян (еркін түрде);

4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;

6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екенін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушының өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіптік деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным туралы құжаттардың көшірмелері) беруіне болады.

Қатысушы конкурстық өтінімнің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді.

Құжаттарды қабылдау басталатын күн – мерзімді баспасөз басылымдарына конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күн.

Құжаттар хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде мына мекенжайға ұсынылуы тиіс: Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 8, Министрліктер үйі, 5-кіреберіс.

Үміткердің конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптарға сәйкестігіне жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінде сұхбат жүргізіледі.

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: **kaldybayeva@mail.ru**. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жанбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: **gazeta2612@mail.ru**. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сүтішова көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (771) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158А, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривошлова Татьяна Ивановна Шымкент

17. «Ломбард «НАУАТ CAPITAL» ЖШС кепіл мүлкін сату бойынша сауда-саттық өткізілетінін хабарлайды.

Сауда-саттық 17.07.2026 жылы сағат 12:00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3-үй, 201-кеңсе мекенжайында өткізіледі. Голландиялық әдіс бойынша келесі мүлік саудаға шығарылады:

№ 1-лот: Volkswagen Touan маркалы автокөлік, 2009 ж.ш., мемлекеттік тіркеу нөмірі 450BUN02, VIN: WVGZZZ1TZ9W089981, қозғалтқыш көлемі – 1.4 л, түсі – кара, бастапқы бағасы – 2 925 948 теңге;

№ 2-лот: Daimler Chrysler E 280 маркалы автокөлік, 2009 ж.ш., мемлекеттік тіркеу нөмірі 053BLN02, VIN: WDB2110921X212148, қозғалтқыш көлемі – 3.0 л, түсі – кара, бастапқы бағасы – 3 915 499 теңге

Аталған мүлік Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3 мекенжайында орналасқан. Өтінімдер дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін қабылданады және сауда-саттық өтетін күнге бір күн қалғанда сағат 18:00-де аяқталады. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтінім беру қажет. Өтінімдер мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3-үй, 201-кеңсе.

Сауда-саттық жеңімпазы сатып алынған автокөлік үшін толық төлемді үш күн ішінде «Ломбард «НАУАТ CAPITAL» ЖШС кассасына колма-қол ақша түрінде төлеуі тиіс.

Сенім білдірілген тұлғаның тұрғылықты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Порт-Артурская көшесі, 22-үй, анықтама тел. +7 707 283 80 28, төлем реквизиттері: ИИК KZ58722S000003993258, «Kaspi Bank» АҚ, БИК CASPKZKA.

23. «ABF INVEST» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 160940002733) жарғылық капиталының азайтылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, 050000, Бостандық ауданы, Жандосов көшесі, 58-үй. Тел. 8 705 167 02 40.

27. «TML Production» ЖШС (БСН 180240033692) жарғылық капиталдың 100 000 (жүз мың) теңгеге дейін азайтылғаны туралы хабарлайды. Талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Қайрат шағынауданы, 282, индексі 050019.

28. «La Vie Invest» ЖШС (БСН 230740028884) жарғылық капиталының 100 000 (жүз мың) теңгеге дейін азайтылғаны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Комсомольский тұрғын үй алабы, Қарашаш Ана көшесі, 16/1-үй, т.е.б. 1.

29. «Newcastle Development» ЖШС (БСН 220540008315) жарғылық капиталының 100 000 (жүз мың) теңгеге дейін азайтылғаны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Нұрсәт тұрғын үй алабы, 141-үй, т.е.б. 5.

30. Ақмола облысының Степногорск қалалық сотына Степногорск қаласы, 4-шағынауданы, 39-үй, 61-пәтер мекенжайында тұратын Рыжкова Алефтина Михайловнаның қайтыс болған Рыжкова Наталья Юрьевнаны, 03.11.1973 жылы туған, Степногорск қаласы, Целиноград облысының тумасы, жұмыссыз деп тану туралы өтініші келіп түсті. Рыжкова Наталья Юрьевнаның тұрған жері туралы мәліметтері бар барлық адамдар бұл туралы Степногорск қалалық сотына жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде хабарлауы қажет.

МҰРАГЕРЛІК

12. 02.01.2002 ж. қайтыс болған Сыздықова Калиланың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус **Ғ.А.Шардарбековке** келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

13. 17.06.2026 ж. қайтыс болған Калдауова Айжамал Орынбаевнаның атынан мұра ашылды. Барлық мұрагерлері Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Мынбұлақ шағынауданы, 31-31 мекенжайы бойынша нотариус **Д.И.Калабаевка** жүгінуі керек. Тел. 8 701 780 08 47.

14. 17.01.2026 ж. қайтыс болған Дүйсеманұлы Шерғазының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус **Г.Д.Палымбетоваға** келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, С.Сейфуллин көшесі, нөмерсіз. Тел. 8 702 819 64 73.

21. 18.03.2013 ж. қайтыс болған Тулегенова Куттыкыздың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус **Ғ.А.Шардарбековке** келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

ЖОҒАЛТУ

20. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутатының қоғамдық көмекшісі Жәңгірхан Өмірхановтың нөмірі 019 куәлігінің жоғалып қалуына байланысты жарамсыз деп тануды сұраймын.

Ақтөбе облысының Судьялар одағы судьялары сот жүйесінің ардагері, құрметті отставкадағы судья

Қуанышев Жанас Базарұлының

мезгілсіз өмірден озуына байланысты оның отбасы мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

Е-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе. e-mail: **zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz**

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолық 45 көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. **zangazet.kz**, e-mail: **infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz**

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

ОТАНДЫҚ ТУРИЗМ

АЛАКӨЛГЕ КЕЛ, АҒАЙЫН!

Алакөлдің Жетісу облысы аумағындағы демалыс орындары биыл 2 млн-нан астам демалушыны қабылдауды жоспарлауда. Жетісу облысы өкімінің орынбасары Марлен Көлбаевтың айтуынша, қазіргі таңда Ақши мен Көктұма ауылдарында 320 демалыс орны жұмыс істейді. 2025 жылы Алакөлге 1,8 млн турист келсе, 2024 жылы – 1,7 млн, ал 2023 жылы – 1,6 млн адам демалды. Биыл туристер саны 2 миллионға жетеді деп болжанып отыр.



Статистикалық мәліметтерге сәйкес, шетелдік туристер саны 82%-ға артты. Алакөл ауданында көрсетілген қызмет көлемі 5,7 млрд теңгеге жетті, негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 3,6 млрд теңгені құраса, салық түсімі 580 млн теңгеден асты.

Алакөл курорттық аймағы Жетісу облысының туризм саласына инвестиция тартудың негізгі орталықтарының бірі болып қала береді. 2025 жылдың қорытындысы бойынша Алакөл жағалауында жалпы құны 1,9 млрд теңгені құрайтын 16 инвестициялық жоба пайдалануға берілді. Аталған жобалардың іске асырылуы туристік инфрақұрылымды кеңейтіп, қызмет сапасын арттыруға мүмкіндік берді. Биыл Алакөл жағалауында жалпы құны 985 млн теңгені құрайтын 4 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған.

Оның ішінде 3 жоба жазғы туристік маусымның басында пайдалануға берілді. Жаңа жобалар орналастыру орындарын дамытуға және туристік сервисті жетілдіруге бағытталған. Инвестициялық жобаларды іске асыру туристердің жайлы демалуына қосымша жағдай жасап, курорттық аймақтың инвестициялық тартымдылығын арттыруға және өңірдің туризм саласының одан әрі дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Соңғы жылдары ұзындығы 313,5 шақырым болатын Тапдықорған–Үшарал және 180 шақырымдық Үшарал–Достық автомобиль жолдары мен Үшарал әуесжайының ұшу-қону жолағы жаңартылды. Жазғы туристік маусымда Алматы–Үшарал және Астана–Үшарал бағыттары бойынша күн сайын субсидияланатын әуе рейстері бар. Сонымен бірге жағалауға қатынайтын 12 маусымдық теміржол бағыты ұйымдастырылған. Ақши ауылында жалпы ұзындығы 57 шақырым болатын электр желілері мен екі қосалқы станса пайдалануға беріліп, курорттық аймақ тұрақты электр қуатымен қамтамасыз етілген»,– деген М.Көлбаев ұзындығы 69,7 шақырым болатын кәріз жүйесінің бірінші кезеңі аяқталғанын айтты.

Ақши мен Көктұма ауылдарында ұялы байланыс операторларының 16 базалық стансасы жұмыс істейді. Сонымен қатар жағалау бойына талшықты-оптикалық байланыс желісі тартылып, туристік нысандар кезең-кезеңімен соған қосылып жатыр. Қазіргі уақытта Көктұмада 960 метр жағалау бекітіліп, жер және бетон жұмыстары, сондай-ақ габион конструкцияларын орнату жұмыстары аяқталған. Биыл санитариялық инфрақұрылым нысандарының саны да біршама ұлғайып отыр. Атап айтқанда, жағалауда қоқыс жинауға арналған 720 құрал орналастырылды. Оның ішінде

күшейтілуде. Ондағы жұмыс бірнеше бағыт бойынша жүргізілуде – қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, судағы қауіпсіздікті сақтау және төтенше жағдайларға жедел әрекет ету. Мысалы, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге 50-ге жуық полиция қызметкері, 16 қызметтік автокөлік және 5 ұшқышсыз ұшу аппараты жұмылдырылған. Сонымен қатар жағалауда тәулік бойы жаппай демалыс орындарын бақылауға мүмкіндік беретін 39 бейнебақылау камерасы жұмыс істейді. Оның ішінде 30 камера Ақши ауылында, 9 камера Көктұма ауылында орнатылған.

Судағы қауіпсіздікті Ақши ауылындағы құтқару бөлімшесінің 14 құтқарушысы қамтамасыз етеді. Олардың қарамағында 11 жүзу құралы, оның ішінде 4 катер және 7 металл қайық бар. Туристердің қауіпсіз демалысын қамтамасыз ету мақсатында жағалауда 40 құтқару мұнарасы мен шомылуда арналған қауіпсіз аймақтарды белгілейтін жалпы ұзындығы 13 шақырым болатын буй сызықтары орнатылған.

Бұдан бөлек, жазғы кезеңде шағын

Судағы қауіпсіздікті Ақши ауылындағы құтқару бөлімшесінің 14 құтқарушысы қамтамасыз етеді. Олардың қарамағында 11 жүзу құралы, оның ішінде 4 катер және 7 металл қайық бар. Туристердің қауіпсіз демалысын қамтамасыз ету мақсатында жағалауда 40 құтқару мұнарасы мен шомылуда арналған қауіпсіз аймақтарды белгілейтін жалпы ұзындығы 13 шақырым болатын буй сызықтары орнатылған.



470 қоқыс контейнері, 50 торлы контейнер, 100 қоқыс жәшігі және 100 пластикалық контейнер бар. Демалушылардың қолайлылығы үшін 44 киім ауыстыру кабинасы және 24 модульдік дәретхана орнатылды, енді қажеттілігіне қарай 45 биодәретхана орнатылады.

Туристік маусым кезеңінде Алакөлдің жағалауында демалушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары да

көлемді межелердің қозғалысын бақылау үшін жағалауға көліктік бақылау инспекциясының 4 инспекторы тартылған. Қабылданып жатқан шаралар шомылу маусымы бойы өңір тұрғындары мен қонақтарының қауіпсіз әрі жайлы демалуына қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

Әсем САТҚЫНОВА



ТАРИХ ЖӘНЕ ТАНЫМ

Мектеп жасында Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар мұйықтағанда» поэмасын оқымаған, оның үзінділерін жатқа айтпаған оқушы елімізде жоқ шығар. Алайда бұл шығармаға арқау болған «Жетімкөлдi» ақынның қиялынан туған деушілер күні бүгінге дейін әр жерден табылатын. Өйткені жер-су атауына қатысты «Жеріңнің аты – Еліңнің хаты» сияқты энциклопедиялық анықтамаларда Алматы облысының Райымбек ауданындағы «Жетімкөлге» қатысты мәлімет жоқ.

«ЖЕТІМКӨЛ»
ЖИҺАНКЕЗДЕР МЕКЕНІНЕ
АЙНАЛАДЫ

«Әйгілі құсбегі, өлкетанушы Мүлік Исабеков ағамыз еліміздің түкпір-түкпіріндегі бүркітшілердің жарысына барған кезде «М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы ақынның қиялынан туған шығарма. Бұл өңірде «Жетімкөл» деген көл жоқ. Ол Қазақстанда бір-ақ жерде, тек Көкшетауда ғана бар» деген алыпқашты өңімені көп естиді екен. Осы өңірдің тумасы әрі «Жетімкөлге» сан мәрте барып, көзімен көрген адам ретінде Мүлік ағамызда «осы біз неге жалпы қазаққа Мұқағали жырлаған «Жетімкөлдi» паш етпейміз деген ой туындайды. Сосын оны Алғазы Рақымбаев ағамызбен ақылдасып, Кеген ауданындағы «Өлкетану – елтану» тобында талқыға салады. Осылайша өз күштерімен қаржы жинап, «Жетімкөлге» қоятын белгітас дайындалды», – дейді Алматы облысы Кеген аудандық мәслихатының төрағасы Алмасбек Нұрған.

Бұған дейін «Жетімкөлге» туристік бағыт ашылмаған болатын. Тіпті оның барын көп адам біле бермейтін. Енді міне «ештен кеш жақсы» дегендей бұл жаңалық жалпақ жұртқа жария болып отыр. Бұл оқиғаның Райымбек ауданының 90 жылдық мерейтойымен түспә-түс келуі «сабақты ине сәтімен» дегендей дүние болғалы тұр. Өйткені, биыл Мұқағали Мақатаевтың әйгілі «Райымбек! Райымбек!» тарихи дастанының жарияланғанына 65 жыл толады. Ол 1981 жылы 26-28 қараша күндері «Лениншіл жас» газетінің 3 санында қатар жарияланған болатын.

Енді Мұқағали Мақатаев шығармаларын жата-жастана оқитын қалың оқырман оның Қарасаз ауылындағы музейімен танысқан соң «Жетімкөлдi» көруге асығары күмәніс.

– Біз соны жария етіп отырған жайымыз бар. «Өлкетану – елтану» ұйымының «Жетімкөлге» бір туристік бағыт ашылса деген ұсынысы Қарасаз ауылдық округі әкімдігіне айтылды. Ол жүзеге асатын болса Райымбек ауданының бюджетіне біраз қаражат әкелетін туристік бағыт болар еді. Біз енді мұнымен тоқталмай өңірдегі өзге тарихи орындарға да алдағы уақытта осындай белгі, тақтатастар қойғымыз келеді. Мақсат – жас ұрпақты отансүйгіштіке тәрбиелеу, тарихты жоғалтпау, елге үлгі-өнеге болатын дүниелерді жарыққа шығару. Бұл үшін тарихи орындардың бәрін шамамыз жеткенше бір арнаға тоғыстырып, олар туралы сыр шертетін дүниелерді қалыптастырсақ па деген ойымыз бар. Мәселен, алдағы уақытта енді Кеген ауданындағы Қулық тауындағы Жақыпберді Солтанбекұлы (1884–1932) батырдың Қарауыл шоқысы деген жерге де белгі қоймақпыз. Сондай-ақ тек ескерткіш тақта орнатып қоймай, онда бұл тарихи орын туралы мағлұмат беретін QR Code қойсақ деп жоспарлап отырмыз. Сол арқылы онда келген адамдар 1932 жылы Қулық тауында өмірге келген ол 1916 жылғы ұлт-азаттығы көтерілісі кезінде «құралайды көзге атқан» мергендігімен танылған ұлт қаһарманының өмірбаянымен таныса алатын болады, – деген аудандық мәслихат төрағасы бұл жұмыстың бәрі өлкетанушылардың бастамасымен, ерікті түрде жүзеге асып жатқанын атап өтті.

«Жетімкөлдiң» ғажайыбы
Теңіз деңгейінен 2700 метр биіктіктегі тау басындағы «Жетімкөлдiң» көрінісі «Аққулар ұйықтағанда» поэмасында былай суреттелген:

«Өзен де жоқ сыймаған арнасына,
Жылға да жоқ даламен жалғасуға.
Таста тұнған жаңбырдың тамшысындай,
Қалай біткен мына көл тау басына?!

Мөлдірейді, қарайды қарға, шынға,
Жалғыздықтан жамандық бар ма, сірә.
Қанша ғасыр өтті екен, қанша заман?
Қанша ұрпақ кетті екен, қаншама адам?
Қанша шырша өсті екен, құлады екен,
«Жетімкөлге» қараудан шаршамаған?
«Жетімкөлдiң» су ішкен қанша марал,
Қанша киік қалды екен сай-салада?
Қанатынан үзіліп ән-самала,
Қаншама аққу кетті екен – аңсаған ән?
Ортаймаған «Жетімкөл» толмаған да,
Болған өмір ұқсайды болмағанға.
Сызат та жоқ бетінде, сызық та жоқ,
Айдынына аққуы қонбаған ба?!

Мұқағали шығармашылығында – аққу тақырыбы бір емес, бірнеше туындыға өзек болғаны кездейсоқтық емес. Мәселен, 1970 жылы жазылған «Аққулар, кош болындар» деген өлеңіндегі «Аққу боп неге ғана жаралмадым, Адам боп өзіме-өзім сыймай барам» деген жолдар ақын шығармашылығынан хабары бар кез келген адамды бей-жай қалдырмасы анық. Сондықтан бұл өлең мәтініне бір кезде әнші Дәнеш Рақышев, сазгер Тұрсынжан Шапай, Ермұрат Үсенов ән де шығарған болатын.

Ал «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы желісінде суретшілер салған көркем-өнер туындылары мен драматургтер сахналаған қойылымдар енді «Жетімкөлдiң» даңқын одан ары шартарапқа жаяры анық. Өйткені Мүлік Исабековтың бастамасымен бұған дейін 2024 жылы жазушы Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдық мерейтойы кезінде Кеген ауданындағы Торыайғыр тауының Айырлы асуындағы «Бердібектің бұлағы» деген жерге де ескерткіш тақта қойылған болатын. Қаламгер «Өлгендер қайтып келмейді» романында өзінің ФЗО-дан ауылына қашып келе жатқанда осында бір түн түнегенін жазған болатын. Сол себепті мал шаруашылығымен ғана шектеліп қоймай, соңғы жылдары туризмге иек артып отырған Кеген мен Райымбек аудандары үшін мұндай тарихи орындардың маңызы өте зор.



Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
8 708 929 9874, zanmedia.kz

E-mail: zanreklama@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6410 дана
Апталық таралым 12820 дана

Тапсырыс № 98 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31